

«Назарбаев Университеті»
Қамқоршылық кеңесінің
2014 жылғы 30 тамыздағы
№ 16 шешімімен бекітілген

**ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАРДЫ, ҚЫЗМЕТТЕРДІ
САТЫП АЛУ ЕРЕЖЕСІ**

(2015 жылғы 06 желтоқсандағы берілген өзгерістермен және толықтырулармен)

Мазмұны

1-бөлім. Терминдер мен анықтамалар	3
2-бөлім. Жалпы ережелер	6
3-бөлім. Ережелердің нормаларын қолданбай жүзеге асырылатын сатып алу	6
4-бөлім. Сатып алу тәсілдері	9
5-бөлім. Тендер тәсілімен сатып алу	10
6-бөлім. Екі кезеңді тендер жүргізу тәсілімен сатып алу	14
7-бөлім. Баға ұсынысын сұрау тәсілімен сатып алу	16
8-бөлім. Бір көзден сатып алу	18
9-бөлім. Мамандандырылған өнім берушілерден жүзеге асырылатын сатып алу	18
10-бөлім. Қорытынды және сатып алу туралы шартты орындау	18
11-бөлім. Ережелердің нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік	21
12-бөлім. Қорытынды ережелер	21

Осы Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу Ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы мен оның ұйымдарының тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайды.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Ережелерде пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы – аталған әлеуетті өнім берушінің шешімдерін айқындауға және/немесе ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты аталған әлеуетті өнім берушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға;

сатып алу туралы шарт – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және Ережелерге сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

тапсырыс берушілер – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы және қордың ұйымдастыру құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдарынан басқа, оның ұйымдары;

сатып алу – оларды сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық кодексіне сәйкес жүргізілетін келесі тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды қоспағанда:

гранттар ақшасын, қайырмамалдықты, жарналарды, демеушілік, қайырымдылық көмек қаражатын пайдалануға байланысты тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды;

кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғалар жүзеге асыратын жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды;

бағалы қағаздарды, жарғылық капиталға, оның ішінде жаңадан құрылатын заңды тұлғаларға салым түріндегі үлестерді сатып алуды;

рейтингі агенттіктерінің қызметтерін, қаржылық қызметтерді сатып алуды;

өкілдік шығыстарға байланысты тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды;

Жоғары қамқоршылық кеңестің, Қамқоршылық кеңестің, Директорлар кеңесінің, Ғылыми және Бақылау кеңестерінің қызметтерін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен, басқа елдердің заңнамасымен белгіленген бағалар, нормалар, лимиттер, тарифтер, алымдар мен төлемдер бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды;

қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша, оның ішінде шетелде, сондай-ақ емтихан тапсыру бойынша қызметтерді сатып алуды;

көрмелерге, семинарларға, конференцияларға, кеңестерге, форумдарға, симпозиумдарға, тренингтерге, тағылымдамаларға, мастер-кластарға қатысу үшін төлем енгізуді, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларға қатысу үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды;

Он бесінші абзацқа Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 қарашадағы №17, 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

«Назарбаев Университеті» білім алушыларының спорт, мәдени және өзге де іс-шараларға қатысуына, әскери қызметке дайындалуына, практикадан/тағылымдамадан өтуіне байланысты тауарларды, қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ білім алушылардың білім деңгейін тексеру қызметтерін сатып алу;

оларды жасау сәтінде орындалатын мәмілелер бойынша қосылған құн салығын есепке алмай, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 (жүз еселік) көлемінен аспайтын сомаға тауарларды, қызметтерді сатып алу;

мүлікті сенімгерлік басқару бойынша қызметтерді сатып алу;

визаларды ресімдеу және әуе, темір жол, өзен, теңіз және автобус жол құжаттарын (билеттерін) броньдау, ресімдеу мен сату қызметтерін сатып алу;

соттарда дауды шешуге байланысты төрелік сот алымдарын, мемлекеттік баждарды және басқа да шығыстарды төлеу;

ұлттық операторлардан, монополиялық жағдайда жұмыс атқарып жатқан нарық субъектілерінен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардан қызметтерді сатып алу;

Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметтерін сатып алу;

«Назарбаев Университетінің» ішкі құжаттарына сәйкес инвестициялық жобалардың шеңберінде «Назарбаев Университеті» және оның ұйымдарының қызметкерлері үшін салынып жатқан тұрғын үйлерді және құрылыс кешендерінің құрылысын сатып алу;

патент, зияткерлік меншік құқығын қорғау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру қызметтерін және халықаралық шарттарға сәйкес өзге де шығыстарды сатып алуды;

жедел жағдайларда пациенттің өміріне қауіпті жою үшін дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу;

Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсетулерді сатып алу;

Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес 1.1- тармақ жиырма жетінші абзацпен толықтырылды.

оқу және/немесе ғылыми – зерттеу жабдығының ақауларын жою үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес 1.1- тармақ жиырма сегізінші абзацпен толықтырылды.

«Назарбаев Университеті» және/немесе оның ұйымдарымен жасалған шарттарды қоспағанда, олар үшінші тұлғалар үшін өнім беруші (орындаушы) ретінде жасалған шарттар бойынша тапсырыс берушінің міндеттемелерін

орындау үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

кешенді жұмыстар – мыналарды:

құрылыс жобаларын іске асыруға бағытталған жұмыстар мен қызметтердің жиынтығы, оның ішінде жобалық жұмыстарды басқару, сондай-ақ осыған сәйкес тауарлар жеткізу; немесе

бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізуді, ақпараттық жүйені енгізу бойынша консалтингтік қызметтерді, жабдықтарды жеткізуді (қажеттілігіне қарай) қоса алғанда, ақпараттық технологиялар саласындағы жобаларды іске асыруға бағытталған жұмыстардың және қызметтердің жиынтығы;

сатып алуды ұйымдастырушы – сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты құрылымдық бөлімше тұлғасындағы тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін жүзеге асыру мақсатында анықталған заңды тұлға;

әлеуетті өнім беруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерден басқа, егер Қазақстан Республикасының заңдарымен олар үшін өзге белгіленбесе), құқыққа қабілеттілігі (заңды тұлғалар үшін), азаматтық іс-әрекетке қабілеттілігі (жеке тұлғалар үшін) бар, сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер консорциум;

өнім беруші – сатып алу туралы шартта тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін тұлға, консорциум;

жұмыстар – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заттық нәтижесі бар қызмет;

стратегиялық әріптестер – «Назарбаев Университеті» ішкі құжатына сәйкес «Назарбаев Университеті» уәкілетті органы белгілеген тұлғалар, сондай-ақ «Назарбаев Университетінің» басқарушы органдары, оның ішінде «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы болып қайта құрылғанға дейін, белгіленген тұлғалар;

мамандандырылған өнім берушілер – «Назарбаев Университеті» ішкі құжатымен белгіленген қызметтің негізгі сипаты бойынша тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің белгілі бір түрлерін іске асыруға мамандандырылған өнім берушілер;

тендерлік құжаттама – әлеуетті өнім берушіге тендерге қатысуға өтінім дайындау үшін берілетін және тендер тәсілімен сатып алуларды өткізу шарттары мен тәртіптерін қамтитын құжаттама;

тауарлар – нәрселер (заттар), оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік қызметтің объектіленген нәтижелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

қызметтер – тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған заттық нәтижесі жоқ қызмет.

Егер сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде Ережелерде өзге анықталмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген терминдер мен анықтамалар немесе іскерлік қатынастар дәстүрі пайдаланылады.

Осы Ережелерде жекеше түрде қолданылатын сөздер, егер контекст өзгеше талап етпесе, көпше және керісінше жекеше түрде беріледі.

2. Жалпы ережелер

2.1. Сатып алуларды ұйымдастыру, сатып алуларды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылдар және Ережелерден туындайтын өзге де мәселелер «Назарбаев Университетінің» ішкі құжаттарымен реттеледі. Сатып алу саласындағы ішкі құжаттар Ережелерге қайшы келмеуі тиіс.

2.2. Ережелер мына қағидаттарға негізделеді:

1) әлеуетті өнім берушілерге адал бәсекелестіктің негізінде сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

2) сатып алу процесінің жариялығы мен ашықтығы;

3) бақылау және қабылданатын шешімдер үшін жауаптылық;

4) сатып алу үшін пайдаланылатын ақша қаражатын тиімді жұмсау;

5) сапалы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу.

2.3. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу тапсырыс берушінің бекітілген бюджетінің негізінде жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші сатып алу рәсімдерін бюджет бекітілгенге дейін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің өнім берушісінің таңдауы бойынша жүзеге асыра алады, бұл ретте, бекітілген бюджеттің болуы осы өнім берушімен сатып алу туралы шартты жасаудың талабы болып табылады.

2.4. Тапсырыс беруші бірінші басшының немесе өзге де уәкілетті тұлғаның шешімі негізінде кез келген кезеңде сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес 2- бөлім 2.5.- тармақпен толықтырылды.

2.5. Ереженің 1.1.- тармағының және 3.1- тармағының 6-28 абзацтарында көзделген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды тапсырыс беруші электрондық сатып алу арқылы жүзеге асыруға құқылы.

Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес 2- бөлім 2.6.- тармақпен толықтырылды.

2.6. Ережелерде көзделген тәсілдермен жүзеге асырылатын сатып алу «Назарбаев Университеті»/тапсырыс берушінің шешімі бойынша электрондық сатып алу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес 2- бөлім 2.7.- тармақпен толықтырылды.

2.7. Ереженің 3.1-тармағы 1) тармақшасы бойынша сатып алуды жүзеге асыру үшін әлеуетті стратегиялық әріптестердің өтініштерін таңдау және қарау критерийлерін бағалау процесінде корпоративтік сайттарда және өзге де ресми көздерде орналастырылған қаржылық (оның ішінде шоғырландырылған) есептерде көрсетілген мәліметтер есепке алынуы мүмкін.

3. Ережелердің нормаларын қолданбай жүзеге асырылатын сатып алу

3.1. Өнім берушіні таңдауды және онымен сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін Ережелердің нормаларын қолданбай сатып алу

мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) тармақша Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес редакцияда жазылған.

1) стратегиялық әріптестерден, олардың бас, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардан, сондай-ақ олардың кейінгі еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарынан, ресми дилерлерінен (дистрибьюторларынан) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

2) тапсырыс берушінің жарғылық қызметін іске асыру үшін білім беру ұйымдарынан, ғылыми және/немесе медициналық ұйымдардан, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарынан, кітапханалардан тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу;

3) «Назарбаев Университеті» және/немесе оның ұйымдарынан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

4) сатып алынатын тауарларға, қызметтерге қатысты ерекше құқықтары бар тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, қызметтерді сатып алу;

5) тапсырыс берушінің басшысы немесе уәкілетті тұлғасының шешімі бойынша қосымша құн салығын есепке алмай, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген айлық есептік көрсеткіштің 1000 (бір мың еселік) мөлшерінен аспайтын сомаға тапсырыс берушінің негізгі қызметіне байланысты тауарларды, қызметтерді интернет-ресурстар арқылы сатып алу;

6) тапсырыс берушінің басшысы немесе уәкілетті тұлғасының шешімі бойынша қосымша құн салығын есепке алмай, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген айлық есептік көрсеткіштің жиынтығы жалпы 2000 (екі мың еселік) мөлшерінен аспайтын жылдық сомаға тауарларды, қызметтерді сатып алу;

7) тармақшаға Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

7) ғылыми-зерттеу жабдықтарын таңдау жөніндегі уәкілетті орган мақұлдайтын өнім беруші-өндірушіден қосымша құн салығын есепке алмай, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген айлық есептік көрсеткіштің жиынтығы жалпы 8000 (сегіз мың еселік) мөлшерінен аспайтын сомаға ғылыми-зерттеу жабдықтарын сатып алу;

8) тармақша Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес редакцияда жазылған.

8) тапсырыс берушінің жарғылық мақсаттарына сәйкес персоналды, талапкерлерді, білім алушыларды іріктеу, тестілеу және/немесе білімдерін бағалау бойынша қызметтерді;

9) әдебиетті, оқу құралдарын, мерзімді баспа өнімдерін сатып алу;

10) «Назарбаев Университеті» кітапханасының қорын толықтыру үшін тауарлар сатып алу;

11) бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда ақпаратты, мақалаларды орналастыру қызметін, сондай-ақ интернет-ресурстарда орналастырылған ақпаратты беру қызметін сатып алу;

12) тапсырыс берушінің негізгі қызметіне байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді өндірушіден немесе жоғарыда аталған тауарлардың,

қызметтердің авторланған өнім берушісінен лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді және/немесе ақпараттық сервистерге рұқсат алу, техникалық қолдау көрсету қызметін сатып алу;

13) тармақшаға Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес толықтырулар енгізілді.

13) оқу, ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, инновациялық жұмыстарды және/немесе жобаларды іске асыру үшін зертханалық шығыс материалдарын сатып алу;

14) тармақша Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 қарашадағы № 17 шешіміне сәйкес жаңа редакцияда жазылған.

14) ғылыми-зерттеу және/немесе инновациялық қызмет, сондай-ақ сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талдамалық зерттеулерді жүргізу саласындағы жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

15) тармақшаға Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес толықтырулар енгізілді.

15) жабдықтарға, ғылыми өтінімдерге, жобаларға, есептерге, халықаралық сараптау жабдықтарға жүргізу қызметін сатып алу;

16) мемлекет тапсырмасын немесе мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

17) «Назарбаев Университеті» және оның ұйымдарының ғылыми, оқу зертханаларын іске қосу үшін жұмыстарды сатып алу;

18) жобалық/жоба алдындағы құжаттаманы тиісті түрде әзірлеген өнім берушіден жобалау жұмыстарын, оның ішінде жобалық/жоба алдындағы құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігінен туындайтын жұмыстарды, сондай-ақ жобаны әзірлеушіден авторлық қадағалау бойынша қызметтерді сатып алу;

19) сол объектінің құрылысын жүзеге асырып жатқан немесе жүзеге асырған бас мердігерден «Назарбаев Университетінің» немесе оның ұйымдарының жаңадан салынған объектісін материалдық-техникалық жарақтандыру үшін тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу;

20) төтенше жағдайлар салдарларын оқшаулау және/немесе жою үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін инженерлік-коммуникациялық жүйелердегі аварияларды жою үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

21) коммуналдық және пайдалану қызметтерін, тұрғын және/немесе тұрғын емес объектілерді техникалық пайдалану және ұстау бойынша қызметтерді сатып алу;

22) спутниктік, телефон, ұялы байланыс, деректерді беру (интернет, IP VPN), телевизия қызметтерін сатып алу;

23) қызметтік тұрғын емес үй-жайларды жалдау қызметтерін, қонақ үй номерлерін, апартаменттерді ұсыну бойынша қызметтерді сатып алу;

24) тармақшаға Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

24) көрмелерді, оқытуларды, презентацияларды, семинарларды, конференцияларды, жиналыстарды, форумдарды, симпозиумдарды, тренингтерді ұйымдастыруға арналған қызметтерді сатып алу;

25) «Назарбаев Университеті» мен оның ұйымдарының кітапхана және мұражай қорларын толықтыруға, сондай-ақ «Назарбаев Университеті» мен оның ұйымдарын эстетикалық безендіруге арналған өнер өнімдерін, қолөнер шеберлерінің бұйымдарын, мұражай заттары мен коллекцияларды сатып алу;

26) тестілік аккредиттеу желісі мен аккредиттеуді қоса алғанда, халықаралық аккредиттеуге, сертификаттауға дайындық бойынша қызметтерді сатып алу;

27) егер тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алған тапсырыс берушінің қолда бар тауарларын, жабдықты, технологияны, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді біріздендіру, стандарттау немесе үйлесімділікті қамтамасыз ету мақсатында нақ сол өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүргізу қажеттігі туындаса;

28) Қазақстан Республикасы азаматтарын шетелде емдеу, сондай-ақ ауруларды тасымалдау және оларға ілесіп жүру қызметтерін сатып алу;

29) тармақшаға Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

29) сот органдарында тапсырыс берушінің мүдделерін қорғау және білдіру бойынша консультациялық және заң қызметтерін сатып алу;

3.1- тармақ Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес 30) тармақшамен толықтырылды.

30) имидж өнімдеріне жататын тауарларды, сондай-ақ имидж өнімдерін жасау бойынша жұмыстарды, қызметтерді сатып алу.

3.2. Ережелердің 3.1.-тармағында көзделген жағдайларда сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Ережелердің 2.2.-тармағының 4), 5) тармақшаларында көзделген қағидаттар сақталып, жүзеге асырылады.

Сатып алу туралы шартты өнім беруші ұсынған нысанда жасауға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып рұқсат етіледі.

4. Сатып алу тәсілдері

4.1. Ережелердің 3.1.- тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- 1) тендер (екі кезеңдік тендер);
- 2) баға ұсыныстарын сұрату;
- 3) бір көзден алу;
- 4) мамандандырылған өнім берушілерден сатып алу.

Алтыншы абзацқа Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес толықтырулар енгізілді.

Комиссия/сатып алуды ұйымдастырушы сатып алуды бір көзден алу әсілімен жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған жағдайды қоспағанда, сатып алуды жүзеге асыру тәсілін тапсырыс беруші Ережелерге сәйкес таңдап алады.

Ережелерде көзделген тәсілдермен жүзеге асырылатын сатып алу.

«Назарбаев Университеті» ішкі құжатымен белгіленген тәтіппен электрондық сатып алу арқылы жүргізілуі мүмкін.

4.2. Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы сатып алуды жүзеге

асыру кезінде:

1) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді ұқсас сипаттамалары мен құрамдауыштары бойынша немесе оларды жеткізу (орындау, қызмет көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге;

2) бір лотта күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар және бірнеше өзара байланысты құрамдауыштардан тұратын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді көздеуге құқылы.

Сатып алуға қатысуға берілген құжаттарды қарау және Ереженің осы тармағында көрсетілген жағдайларда жеңімпазды айқындау әрбір лот бойынша жеке жүзеге асырылады.

4.3. Әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) жұмыс көлемінің (мердігерлік бағаның), сондай-ақ қызметтің жалпы құнынан 2/3 (үштен екі) астам жиынтығын қосалқы мердігерлікке (бірге орындауға) беруге жол берілмейді.

4.4. Әлеуетті өнім беруші сатып алуға қатысуға байланысты өзінің барлық шығыстарын өтейді. Сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші сатып алу қорытындыларына қарамастан осы шығыстарды өтеу бойынша міндеттемелерге жауапты емес.

5. Тендер тәсілімен сатып алу

5.1. Тендер тәсілімен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай:

1) тапсырыс беруші мен сатып алудың ұйымдастырушысы бір тұлға болып табылатын жағдайды қоспағанда, тапсырыс берушінің сатып алуды ұйымдастырушыны, тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасын айқындау;

2) сатып алуды ұйымдастырушының тендерлік құжаттаманы, комиссияның құрамын қалыптастыру және бекітуі, комиссияның хатшысын тағайындау;

3) тендерді өткізу туралы хабарламаны, бекітілген тендерлік құжаттаманы интернет-ресурста жариялау;

4) әлеуетті өнім берушілерге тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру (сұраған жағдайда);

5) әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін тіркеу;
6) тармақшаға Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес толықтырулар енгізілді.

6) тендерге қатысуға берілген өтінімдерді ашу және ашу хаттамасын интернет-ресурста жариялау (электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезде қолданылмайды);

7) біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігін анықтау үшін әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысу өтінімдерін комиссияның қарауы;

8) жеңімпазды анықтау үшін тендерге қатысуға берілген өтінімдерді комиссияның бағалауы және салыстыруы;

9) қорытындылар туралы хаттаманы интернет-ресурста жариялау;

10) тапсырыс берушінің тендер жеңімпазымен сатып алу туралы шартты

жасау сияқты жүйелі іс-шаралардың орындалуын көздейді.

5.2. Сатып алуды ұйымдастырушы сатып алу рәсімдерін өткізуді шарттары мен тәртібін анықтау үшін әрбір сатып алуға тендерлік құжаттаманы қалыптастырады.

5.3. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманы, комиссияның құрамын және хатшыны бекітеді.

5.4. Төраға, төрағаның орынбасары және комиссияның басқа да мүшелері комиссияның мүшелері болып табылады, бұл ретте олардың жалпы құрамы 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс.

5.5.тармаққа Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес толықтырулар енгізілді.

5.5. Комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап жұмыс істейді және өнім беруші тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз ету енгізген күннен бастап немесе Ереженің 2.4-тармағында көзделген жағдай басталғанда өз қызметін тоқтатады;

5.6. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін комиссияның мүшесі болып табылмайтын және комиссияның шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығы жоқ комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді.

5.7.тармаққа Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

5.7. Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы техникалық ерекшелікті дайындау, әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекшеліктерінің (сапалы және/немесе техникалық ерекшеліктерінің) талаптарына сәйкестігін айқындау үшін, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сатып алу саласына сәйкес біліктілігі бар және сатып алуды ұйымдастырушымен және оның үлестес тұлғасымен еңбек қатынастарында, сондай-ақ тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының басшысымен жақын туыстық қатынастарда тұрмайтын сарапшыны(ларды) ақылы немесе ақысыз негізде тараптардың келісімі бойынша тартуға құқылы.

5.8. Сарапшы(лар) комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығына ие болмайды. Сараптама қорытындысы хаттамаға қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

5.9. Сатып алуды ұйымдастырушы кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын, ал қайтадан тендер өткізген жағдайда – кемінде 5 (бес) жұмыс күні ішінде тендерге қатысуға өтінімдерді берудің соңғы күніне дейін өткізілетін тендер туралы хабарламаны және бекітілген тендерлік құжаттаманы интернет-ресурста жариялайды.

5.10. Тендердің өткізілетіні туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап барлық әлеуетті өнім берушілерге интернет-ресурста тендерлік құжаттаманы тегін алуға мүмкіндік беріледі.

5.11. Тендерге қатысуға өтінім сатып алуды ұйымдастырушыға тендерлік құжаттамада белгіленген мерзімде беріледі және әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарды қабылдау келісімін білдіру түрі болып табылады.

5.12. Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға берілетін өтінімінің

мазмұнына, ресімделуіне, мерзіміне қойылатын талаптар бекітілген тендерлік құжаттамада көзделеді.

5.13. Әлеуетті өнім берушінің сатып алуды ұйымдастырушыға тендерге қатысу үшін тек бір өтінім береді және өзінің өтініміне енгізген қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпай, өзінің өтінімін кері қайтарып алуға, оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін оған өзгерістер енгізуге құқылы.

Тендерге қатысуға өтінімдерге оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

5.14. Әлеуетті өнім берушінің және оның үлестес тұлғасының бір тендерге (лотка) қатысуға құқығы жоқ.

5.15. Әлеуетті өнім беруші сатып алудың ұйымдастырушысына тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрауды тендерге қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткенге дейін 4 (төрт) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберуге құқылы.

Бұл ретте сатып алуды ұйымдастырушы сұрау келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сұраныс кімнен түскенін көрсетпей-ақ, оған жауап береді, сондай-ақ тендерлік құжаттама орналастырылған интернет-ресурста оны жариялау арқылы барлық әлеуетті өнім берушілерді осы түсініктеме туралы хабардар етеді.

5.16. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімді берудің соңғы күні өткенге дейін кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын сатып алу мәнін қоспағанда, тендерлік құжаттамаға өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізуге құқылы.

Бұл ретте көрсетілген мерзімнің ішінде интернет-ресурстағы өзгерістердің және/немесе толықтырулардың мәтінін жариялайды және тендерге қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерді хабардар етеді.

Осындай жағдайда тендерге қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі кемінде 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады.

5.17. Тендерге қатысуға берілген өтінімдерді комиссияның ашуы, қарауы, бағалауы тендерлік құжаттамада белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асыралады.

5.18. Әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шарт бойынша міндеттерді орындауға жеткілікті жалпы және арнайы біліктілік талаптары қойылады. Үлгілік тендерлік құжаттамада көзделген жалпы талаптарға өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

5.19. Сапалы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу мақсатында үлгілік тендерлік құжаттама балл жүйесі бойынша бағалар критерийлерін, олардың үлес салмағы және тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін тендерге қатысуға берілген өтінімдерді салыстыруға қажетті осы критерийлердің басымдылықтарын қамтиды. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын бағалау критерийлері міндетті болып табылады.

5.20. Тендерге қатыстыруға бас тартылмаған өтінімдерді комиссия бағалайды және салыстырады.

Ең көп балл санын жинаған әлеуетті өнім беруші тендердің жеңімпазы болып танылады.

Салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған

әлеуетті өнім беруші болып жеңімпаздан кейін ең көп балл санын жинаған әлеуетті өнім беруші танылады.

Жиналған балл саны тең болғанда жеңімпаз (немесе салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші) болып басымдылық критерийлері бойынша ең көп балл жинаған әлеуетті өнім беруші танылады.

Жиналған балл және басымдылық критерийлері бойынша балл саны тең болғанда жеңімпаз (немесе салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші) болып өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілерден бұрын келіп түскен әлеуетті өнім беруші танылады.

5.21. Тендерге қатысуға берілген өтінімдерді қарау, бағалау, салыстыру кезінде комиссия мәліметтерді анықтау мақсатында:

1) әлеуетті өнім берушілерден тендерге қатысуға берілген өтінімнің құрамында ұсынылған құжаттарға қатысты материалдар мен түсіндірулерді (ұсынылған бағаны (жеңілдік), техникалық ерекшелік пен арнайы біліктілік талапты қоспағанда);

2) тиісті жеке, заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

Бұл ретте тендерге қатысуға өтінімдерді өтінімді құжаттармен жеткіліксіз толықтырумен, құжаттарды ауыстырумен, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтірумен қорытындыланған тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты тендерлік комиссияның сұратулар мен өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген сұратулар жіберілген жағдайларда комиссия тендерге қатысуға берілген өтінімдерді қарау мерзімін ұзартуға құқылы.

5.22. Келесі формалді негіздемелер бойынша әлеуетті өнім берушінің өтінімінен бас тартуға жол берілмейді:

1) тендерге қатысуға өтінімде (ұсынылып отырған баға (жеңілдік), техникалық ерекшелік, тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуге енгізуді растайтын құжатты қоспағанда) қате, жаңылыс, жаңсақ жазудың болуы;

2) тендерге қатысуға берілген өтінімдерді бағалау мен салыстыруға әсер етпейтін (ұсынылып отырған баға (жеңілдік), техникалық ерекшелік, тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қоспағанда) берілген құжаттардың нысандарында ақпараттың (банктік деректемелер, куәліктер нөмірлері және басқа ақпараттар) көрсетілмеуі.

Әлеуетті өнім беруші ұсынған техникалық және сапалы ерекшеліктер тапсырыс беруші ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаттамасынан артық болғанда, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне жол беріледі. Бұл ақпарат қорытындылар туралы хаттамада және/немесе сараптамалық қорытындыда көрсетілуі тиіс (сапаршыны(ларды) тартқан жағдайда).

5.23. Комиссия мынадай жағдайларда:

1) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы сатып алуға бөлінген сомадан асқанда;

2) өтінімнің тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуі;

3) әлеуетті өнім беруші осы тендерге (лотқа) қатысуға өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің үлсестес тұлғасы болып табылғанда;

4) тармақшаға Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

4) егер әлеуетті өнім беруші және/немесе оның қосалқы мердігері бірге орындаушысы/немесе консорциумға кіретін заңды тұлға «Назарбаев Университетінің» сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде, «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде тұрғанда;

5) «Назарбаев Университетінің» сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне кіретін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға әлеуетті өнім берушінің басшысы болып табылғанда;

6) тармақшаға Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

6) жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және сатып алуға қатысушы болып табылатын жеке тұлға «Назарбаев Университетінің», «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесіне, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тіркеліміне кіретін заңды тұлғаның басшысы болып табылғанда өтінімнен бас тартады.

Басқа негіздер бойынша өтінімдерді қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

5.24. Комиссия тендерді мынадай жағдайларда:

1) тендерге қатысуға берілген өтінімдер болмағанда;

2) тендерге қатысуға 1 (бір) өтінім берілгенде;

3) тендерге қатысуға берілген барлық өтінімдерді қабылдаудан бас тартылғанда;

4) егер Ережелердің 5.23.- тармағында көзделген негіздемелер бойынша комиссия қабылдамағаннан кейін әлеуетті өнім берушіден тендерге қатысуға 1 (бір) өтінім қалса;

5) жеңімпаздың және тендер қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқанда, оның ішінде сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайларда өткізілмеді деп таниды.

6) тармақша Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес редакцияда жазылған.

б) егер сатып алудың жеңімпазы ұйымдастырушыға қосымшалары бар өтінімнің түпнұсқасын ұсынбаса немесе тендерлік құжаттамада көзделген, белгіленген мерзімдерде ұсынбаса, сондай-ақ интернет-ресурстағы электрондық сәйкессіздігі анықталған жағдайда (электронды сатып алу кезінде қолданылады).

5.25. Егер тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылса, комиссия мынадай:

1) сатып алуды тендер тәсілімен қайта өткізу туралы;

2) сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы шешімдердің біреуін қабылдауға құқылы.

6. Екі кезенді тендер өткізу тәсілімен сатып алу

6.1. Тендерлер екі кезенді рәсімдерді пайдалана отырып, мына

жағдайларда:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктерін тұжырымдау қиын болғанда;

2) тапсырыс берушінің мұқтаждықтарын қанағаттандырудың ықтимал жолдармен таныстыру және олардың ең үздігін таңдау қажеттілігі болғанда;

3) тендердің екінші кезеңінде тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын тендерге қатысушылардың тізбесін тендердің бірінші кезеңінде қалыптастыру орынды болғанда өткізілуі мүмкін.

6.2. Екі кезеңді тендер тәсілімен сатып алу рәсімі мынадай дәйекті іс-шараларды өткізуді көздейді:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

сатып алуды ұйымдастырушының екі кезеңді тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды өткізу, тендерлік құжаттаманы, комиссия құрамын және хатшыны бекіту туралы шешім қабылдауы;

екі кезеңді тендер тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды интернет-ресурста орналастыру;

екі кезеңді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынсыз өтінімдерді беруі;

Алтыншы абзацқа Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес толықтырулар енгізілді.

әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін ашу және хаттаманы интернет-ресурста орналастыру (электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылмайды);

екі кезеңді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға әлеуетті өнім берушінің(лердің) өтінімін(дерін) комиссияның қарауы, тапсырыс берушінің мұқтаждықтарын қанағаттандыру арқылы комиссияның сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ұсынылған техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктерінің негізінде әлеуетті өнім берушіні(лерді) іріктеуді жүргізуі, тендердің екінші кезеңіне қатысушылардың тізбесін қалыптастыру, екі кезеңді тендердің бірінші кезеңінің қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеу, бірінші кезеңге қатысқан әлеуетті өнім берушіні(лерді) оның қорытындылары туралы ақпараттандыру;

2) екінші кезеңде:

қажеттілік болғанда, нақтылау мақсатында тендерлік құжаттамаға және/немесе техникалық ерекшелікке (техникалық тапсырмаға) тапсырыс берушінің өзгерістер енгізуі;

тендердің екінші кезеңінің қатысушысына(ларына) өзгертілген тендерлік құжаттаманы және/немесе техникалық ерекшелікті (техникалық тапсырманы) және баға ұсынысын беруге сатып алуды ұйымдастырушының шақыру жіберуі;

әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі және өзгертілген тендерлік құжаттамамен және/немесе техникалық ерекшелікпен (техникалық тапсырмамен) келісуі, егер тапсырыс беруші осындай өзгерістерді енгізсе);

тендердің екінші кезеңінің қатысушысының баға ұсынысын комиссияның қарауы;

Алтыншы абзац Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне

сәйкес редакцияда жазылды.

екі кезеңді тендердің қорытындысы бойынша сатып алу жеңімпазын және екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні анықтау;

екі кезеңді өткізілген тендердің қорытындылары туралы хаттаманы интернет-ресурста жариялау;

екі кезеңді өткізілген тендердің қорытындылары бойынша жеңімпазбен тапсырыс берушінің сатып алу туралы шарт жасауы сияқты іс-шаралар жүзеге асырылады.

6- бөлім Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес 6.2-1 – тармағымен толықтырылды.

6.2-1. Екі кезеңді тендер тәсілімен сатып алуды жүргізген жағдайда әлеуетті өнім беруші өтінімді қамтамасыз етуді екінші кезеңде енгізеді.

6.3. Ең төменгі баға ұсынысын берген әлеуетті өнім беруші екінші кезеңнің жеңімпазы болып танылады.

Егер Ережелерде өзгеше көзделмесе, Ережелердің 5.19., 5.20.- тармақтарын қоспағанда, екі кезеңді тендерді өткізу кезінде тендер тәсілімен сатып алу рәсімдері пайдаланылады.

7. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу

7.1. Егер тапсырыс берушінің ағымдағы қаржы жылына тиісті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарында көзделген сома қосылған құн салығын есепке алмай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 5 000 (бес мың еселік) мөлшерінен асып кетпесе, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға жол беріледі, бұл ретте баға шешуші жағдай болып табылады.

Күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге сатып алу жүргізу кезінде тапсырыс беруші тендер тәсілінің түрін таңдауға құқылы.

7.2. Сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталатын күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, тапсырыс берушінің интернет-ресурсында электрондық хабарландыруды орналастыруға тиіс.

7.3. Әрбір әлеуетті өнім беруші хабарландыруда көзделген мәліметтер мен құжаттарды қамтитын тек бір ғана баға ұсынысын береді.

7.4. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы оның хабарландыруда көзделген талаптарға сәйкес тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру түрі болып табылады.

Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтиды.

7.5. Әлеуетті өнім беруші – Қазақстан Республикасының резиденті емес Қазақстан Республикасы резиденттері тапсыратын хабарландыруда көзделген құжаттарды немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру

тіліне нотариус куәландырған аудармасымен, ұқсас мәліметтер бар құжаттарды тапсырады.

7.6. Баға ұсынысын әлеуетті өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушыға хабарландыруда белгіленген қабылдаудың соңғы мерзіміне дейін ұсынады.

Әлеуетті өнім берушілер баға ұсыныстарын берудің соңғы мерзімі өткенге дейін берілген баға ұсыныстарын қайтып алуға құқылы.

Белгіленген мерзім өткеннен кейін баға ұсынысы тіркелмейді.

7.7. Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын берудің түпкілікті мерзімінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сатып алуды ұйымдастырушы ең төмен баға ұсынысын жасаған жеңімпазды және жеңімпаз ұсынған бағадан кейін бағасы барынша аз болған баға ұсынысын жасаған әлеуетті өнім берушіні анықтайды.

Егер ең төменгі баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім беруші табыс еткен болса, онда баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан ертерек түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

7.8. Мынадай жағдайларда әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы қабылданбауға тиіс, егер:

1) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;

2) баға ұсынысы құрамында ұсынылған құжаттар, мәліметтер хабарландыру талаптарына сай болмаса;

3) әлеуетті өнім беруші 1 (бірден) артық баға ұсынысын ұсынған болса;

4) әлеуетті өнім беруші және/немесе оның қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушы)/консорциумға кіретін заңды тұлға «Назарбаев Университетінің» Сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізібесінде, Мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушыларының тізілімінде және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізібесінде тұрса.

Өзге негіздер бойынша баға ұсыныстарынан бас тартуға жол берілмейді.

7.9. Сатып алуды ұйымдастырушы/тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды мынадай жағдайларда:

1) берілген баға ұсыныстары болмаған;

2) 1 (бір) баға ұсынысы ғана болған;

3) барлық баға ұсыныстарынан бас тартылған;

4) Ережелердің 7.8.- тармағында көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстарын қабылдамағаннан кейін әлеуетті өнім берушінің 1 (бір) баға ұсынысы қалған;

5) жеңімпаздың/екінші орынды иеленген әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартқан жағдайларда өткізілмеді деп таниды.

7.10. Сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілген сатып алу қорытындыларын интернет-ресурста жариялайды.

7.11. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы/тапсырыс беруші:

1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды өткізуге;

2) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

8. Бір көзден сатып алу

8.1. Егер Ережелердің 4.1.-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген тәсілдер бойынша өткізілген сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, бір көзден сатып алу жүзеге асырылады. Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу тәртібі «Назарбаев Университетінің» ішкі құжаттарымен жүзеге асырылады.

9. Мамандандырылған өнім берушілерден сатып алу

9.1- тармақ Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды.

9.1. Мамандандырылған өнім берушілерден сатып алу «Назарбаев Университеті» мен оның ұйымдарының мамандандырылған өнім берушілердің тіркеліміне енгізілген белгілі бір білікті өнім берушілерден жүзеге асырылады.

9.2. Мамандандырылған өнім берушілерді таңдау конкурс бойынша бекітілген іріктеу критерийлерінің негізінде жүргізіледі.

9.3. Іріктеу критерийлеріне сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілер «Назарбаев Университеті» мамандандырылған өнім берушілерінің тіркеліміне енгізіледі.

9.4. Тіркелімде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің деректері бойынша кемінде 2 (екі) мамандандырылған өнім беруші болған жағдайда тапсырыс берушінің мамандандырылған өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді «негіздемелік» шарт бойынша сатып алуына рұқсат етіледі.

9.5. Мамандандырылған өнім берушілер тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді «негіздемелік» шарттардың негізінде тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жүзеге асырады.

9.6- тармаққа Қамқоршылық кеңестің 2015 жылғы 06 желтоқсандағы №21 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

9.6. Мамандандырылған өнім берушілерден сатып алуды жүзеге асыру тәртібі «Назарбаев Университетінің» ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

10. Қорытынды және сатып алу туралы шартты орындау

10.1. Осы бөлімнің ережелері тендер (екі кезеңді тендер), баға ұсынысын сұрату және бір көзден алу тәсілдерімен сатып алу туралы шартты жасасқан және орындаған жағдайларға таратылады.

10.2. Сатып алу туралы шарт тендерлік құжаттаманың, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен хабарландырудың ажырамас бөлігі болып табылатын сатып алу туралы шарты жобаларының талаптарына сәйкес жасалады.

Бір көзден алу тәсілімен жасалатын сатып алу туралы шарт өткізілмеді

деп танылған сатып алулардың талаптарына сай болуы тиіс.

10.3. Сатып алу қорытындысына қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың жобасына қол қояды және оны сатып алу жеңімпазына жібереді.

Тапсырыс беруші қол қойған сатып алу туралы шарттың жобасын оған ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарттың жобасына қол қоюға тиіс.

10.4. Тендерлік құжаттамаға қоса берілетін сатып алу туралы шарттың жобасында сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілетін, сатып алу туралы шарт құнының 3 (үш) пайыз мөлшеріндегі сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бойынша өнім берушінің міндеттемесі болуы тиіс.

Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талапты қарастыруға құқылы. Бұл ретте мұндай қамтамасыз етуді енгізу мерзімі мен оның мөлшерін тапсырыс беруші өзі белгілейді.

Өнім беруші сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ол сатып алу туралы онымен жасасқан шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық әрі тиесілі орындайтынына кепілдік ретінде енгізеді.

10.5. Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың жобасында алдын ала төлем/аванс сомасына немесе қандай да бір қамтамасыз етусіз, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізе отырып, алдын ала төлемді/авансты қарастыруға құқылы.

10.6. Егер әлеуетті өнім беруші Ережелердің 10.3., 10.4.-тармақтарында белгіленген мерзімдерде көзделген іс-қимылдарды орындамаса, онда мұндай әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған деп танылады.

10.7. Әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған деп таныған жағдайда тапсырыс беруші:

1) өнім беруші енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады;

2) сатып алу туралы жасасқан шартты бір жақты тәртіппен бұзады;

3) «Назарбаев Университеті» сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізу үшін ақпарат жібереді;

4) екінші орынға ие болған әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарт жасайды (осындай өнім беруші болған жағдайда).

10.8. Егер екі және одан астам лоттар бойынша өткізілген рәсімдердің қорытындылары бойынша бір жеңімпаз анықталса, онда тапсырыс беруші осы лоттардың барлығының талаптарын біріктіретін сатып алу туралы бір шарт жасауға құқылы. Осындай шарт жасаған кезде әрбір лоттың шеңберіндегі сатып алудың қорытындысы бойынша белгіленген барлық талаптар өзгеріссіз қалуы тиіс.

10.9. Өткізілген сатып алу талаптарының мазмұнын өзгертуі мүмкін сатып алу туралы шарт жобасының маңызды талаптарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Сатып алу туралы шартқа Ережелердің 10.10.-тармағында көзделген

жағдайлардан басқа, шарттың мәні, шарттың сомасы, тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің сапасы және мерзімі сияқты, өнім берушінің таңдауы үшін негіз болып табылатын талаптарға әсер ететін өзгерістер енгізілмейді.

10.10. Сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу Ереженің талаптары және Қазақстан Республикасының заңнамалары ескеріле отырып, тараптардың өзара келісімі бойынша мынадай жағдайларда:

1) тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бағасын және тиісінше сатып алу туралы шарттың сомасын азайту бөлігінде;

2) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер көлемінде қажеттілікті арттыруға немесе азайтуға байланысты сатып алу туралы шарттың сомасын арттыру немесе азайту бөлігінде, сондай-ақ сатып алынатын тауардың бірлігіне баға, жұмыстың, қызметтің көлемі өзгермеген жағдайда, оның ішінде Бюджетке және тапсырыс берушінің атқарушы органының шешіміне сәйкес кейінгі қаржы жылдары, алайда 3 (үш) жылдан астам емес мерзімге сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімін тиісті өзгерту бөлігінде;

3) егер өнім беруші сатып алу туралы шартты орындау барысында сатып алынатын тауардың бірлігіне баға, жұмыстың, қызметтің көлемі өзгермеген жағдайда сапасы жақсы және/немесе техникалық сипаттағы не болмаса, сатып алу туралы шарттың мәні болып табылатын тауарды жеткізу мерзімін және/немесе талаптарын ұсынғанда;

4) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сараптамадан өткен, бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес сатып алу туралы шарттың сомасын өзгерту бөлігінде;

5) сатып алу туралы шарттың мәні болып табылатын жұмыстарды жүзеге асыруға кедергі жасайтын қолайсыз климаттық жағдайлар себебі бойынша құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ сатып алу туралы шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін құрылыс алаңында тапсырыс берушінің әрекетіне және/немесе тапсырыс берушінің басқа өнім берушілерінің әрекеттеріне байланысты сатып алу туралы шартты орындау мерзімін ұлғайту бөлігінде. Осы тармақшада көзделген сатып алу туралы шартты орындау мерзімдерін ұлғайту жағдайлары сатып алу туралы шартқа қосымша тиісті келісімдерді жасағанға дейін құжаттамалық расталуы тиіс;

б) табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген баға шегіндегі бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленетін тауардың бірлігі үшін бағасын өзгерту бөлігінде жүзеге асырады.

10.11. Егер тапсырыс берушінің атқарушы органы бекіткен тізбе бойынша, сол тоқсанда пайдалану үшін қажетті тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қажеттіліктерден аспайтын көлемде күнделікті немесе апта сайын қажетті (жарияланған сәттен бастап және өткізілген сатып алудың қорытындысы бойынша сатып алу туралы шарт жасасқанға дейінгі кезеңде) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қажеттілігі болса, тапсырыс беруші қызметінің үзіліссіздігін қамтамасыз ету мақсатында тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шарттың қолданылуын 3 (үш)

айдан аспайтын кезеңге ұзартуға құқылы.

10.12. Жылдық қаржылық есептіліктің аудиті бойынша сатып алу туралы шарт 3 (үш) жылдан астам емес мерзімге жасалуы мүмкін. Бұл ретте жылдық қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметті сатып алуға арналған соманы «Назарбаев Университетінің» атқарушы органы (басқарушы орган - «Назарбаев Университетін» ұйымдастыру органы) айқындайды;

10.13. Сатып алу туралы шартты орындау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, тапсырыс берушінің шарттарды дайындауды, жасауды және орындауды регламенттейтін Ережелері мен ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

10.14. Өнім беруші сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді өндіріп алады.

10.15. Әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) «Назарбаев Университетінің» сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізу тәртібі «Назарбаев Университетінің» ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

11. Ережелердің нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік

11.1. Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының басшылары, комиссия, сарапшы(лар), сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу процесіне қатысатын басқа да тұлғалар Ережелердің нормаларын бұзғаны үшін дербес жауапты болады.

11.2. Қызметкерлерді Ережелердің нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және белгіленген тәртіппен бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес айқындалады.

12. Қорытынды ережелер

12.1. Өткізілген сатып алуларда бұзушылықтар анықталған жағдайда тапсырыс беруші/комиссия сатып алу туралы шартты жасасқан сәтке дейін қорытындыларды жасамай, әлеуетті өнім берушілерге қандай да бір шығындарды өтемей, осы сатып алудың өткізілуі туралы ақпарат жарияланған интернет-ресурста тиісті хаттаманы жариялау арқылы сатып алуға қатысқан барлық әлеуетті өнім берушілерді осы шешім туралы хабардар етуге міндетті.

12.2. Егер тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, комиссияның, сарапшы(лар)дың іс-әрекеті (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім берушілер олардың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдануға құқылы.

Сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы тапсырыс берушінің шешімі шағымдануға жатпайды.

12.3. Ережені қолданысқа енгізгенге дейін басталған (жарияланған) сатып алу рәсімдері сатып алу туралы шешім қабылданған күнге дейін

қолданылған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Егер тендер/баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылса, бір көзден сатып алулар тендер/баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күнге дейін қолданылған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.